

БҚАТУ ғалымы – басылымның «Құрмет тақтасында»

Жәңгір хан университетінің оқытушысы, ғалым, Технологиялық даму орталығының басшысы Айгүл Қазамбаева «Орал өңірі» облыстық қоғамдық-саяси газетінің «Құрмет тақтасындағы» жерлестеріміздің қатарынан ойып тұрып орын алды.

«Орал өңірінің «Құрмет тақтасы» – газет редакциясының жаңа шығармашылық жобасы. «Редакцияның «Құрмет тақтасына» оқырмандарымыздың тарихи, қоғамдық-саяси һәм әлеуметтік-экономикалық таным-түсінігін тереңдететін, дүниетанымын кеңейтетін, яғни, интеллектуалдық тұрғыдан дәреже-деңгейі биік мақала-материалдар жазған автор-

лар шығарылады» деп хабарлады редакция ұжымы.

Басылымның осы құрмет төріне лайықтылардың қатарынан ғалым-ұстаз Айгүл Мамайқызын көргенімізге бізде қуаныштымыз. Атап айтсақ, облыстық басылымның биылғы шілде айындағы нөмірлерінің бірінде ғалымның «Импортты азайтып, экспортты арттыру ке-

рек!» деген өзекті тақырыпты қозғаған экономикалық сипаттағы сараптамалық мақаласы жарияланған болатын. Ғалымның редакцияның «Құрмет тақтасына» қойылуына осы мақаласы арқау болды.

Университетіміздегі әр ғалымның әрдайым жоғары білім мен ғылым саласының көшбасында жүрулеріне тілектеспіз!



«Ауыл ойындары»

Жәңгір хан университетінде осындай атаумен «Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күніне» орай ұлттық бағытта спорттық іс-шара өтті.

«Ауыл» партиясының қолдауымен ұйымдастырылған жарысқа университетіміздегі институттардың білім алушыларынан құралған командалар қатысты. Олар спорттың қазақ күресі, садақ ату, ләңгі тебу, тоғызқұмалақ, қол күресі, арқан тартыс, бес асық, асық ату сынды түрлерінен өзара сайысқа түсті.

Ауыл ойындарынан өткен жарыс нәтижесінде спорттың әр түрінен жүлдегерлер мен жеңімпаздар марапат-

талды. Жалпыкомандалық есеп бойынша «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының» командасы жеңіске жетті. Жүлделі екінші орынды «Ветеринария және агротехнология институты» командасы иеленсе, үшінші орынға «Политехникалық институт» командасы қол жеткізді.

«Ауыл» партиясы» облыстық филиалының басшысы Ғайса Қапақов пен Орал қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мынатаубік Әнесов спорттық ойындарға қатысқан студент-жастарға рахмет айтып, шараны жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан Жәңгір хан университетінің ұжымына ризашылықтарын білдірді.



Бишілеріміз бағындырған белес

Жәңгір хан университетіндегі «Ерке-нұр» би ансамблі жуырда тағы бір белесті бағындырды. Соңғы он жылда шетелге шықпаған шығармашылық ұжым халықаралық байқауға жолдама алды.



«Ерке-нұр» би ансамблі Орал қаласында «Бақытты елдің ұрпағы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен республикалық «Дала сазы» байқауына қатысып, бас жүлдені жеңіп

алды. «Хореография» номинациясы бойынша қазақ биімен сахнаға шығып, гран-при алған шығармашылық ұжым алдағы жылы Дубай, Ташкент, Баку қалаларында өтетін фестивальдер мен халықаралық байқауларға жолдама иеленді. Сонымен қатар ұйымдастырушылар атынан университет ұжымына алғыс хат тапсырылды.

Ансамбль жетекшісі Лазиза Агисованың айтуынша, шығармашылық ұжым 2004 жылы университет жанынан құрылған. – Қазіргі таңда ансамбль құрамында отыздан астам студент өнер көрсетіп жүр. Ансамбльдің соңғы айтулы жетістіктеріне тоқталар болсам, 2022 жылы шілде айында университет басшылығының қолдауымен Астана қаласында өткен «Алые паруса» би байқауында өнер көрсетіп, 1-орынға ие болды. Сол жылы желтоқсан айында тағы да ел ордасында ұйымдастырылған



«Super final» байқауында жүлделі 1-орынды иеленді, – дейді Лазиза Нұржанқызы. Тағы бір айта кетерлігі, Л.Агисова – Жәңгір хан университетінің биылғы түлегі. Студенттік жылдарында төрт жыл бойы «Ерке-нұр» ұжымының құрамында

болып, би өнерінің құдіретін сезініп, талай рет сахнаның көркі болған биші ару. Ал біз алдағы жылы халықаралық байқауда еліміздің намысын қорғайтын «Ерке-нұрдың» бишілеріне сәттілік тілейміз!

Жасанды интеллект: дос па, жау ма, өзекті мәселелері қандай?

Жасанды интеллект (ЖИ) – шешімді жасау мен қабылдау үшін адамның қызметін күшейтетін, өзін-өзі үйрететін құрал-сайман.

ЖИ – компьютерлік құралдар арқылы жеке ақыл-ой іс-әрекеттерін орындау. Ол жеке ғылыми бағыт ретінде ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды (бұл көбінесе, кибернетиканың дамуына тәуелді болатын). Басқару, талдау, салыстыру, ақпаратты өңдеу, болжамды жасау, жорамалдың дұрыстығын дәлелдеу (яғни интеллектуалды қызметіне жататын операциялар) негізінде шешімді қабылдаумен байланысты болады. Жасанды интеллект жүйелері – арнайы логикалық жүйелер арқылы компьютерлік бағдарламада жүзеге асырылған адам интеллектің жеке аспектісін ұдайы өндіретін техникалық жүйелер. Жасанды интеллект жүйелерінің қолдану салалары: роботтехникасы; сараптамалық жүйелер; есептерді әмбебап шешушіні жасау; бір тілден екінші тілге аудару, мәтінді рефераттау; пайдаланушының компьютермен ынғайлы диалогын қамтамасыз ететін интеллектуалды интерфейсты жасау.

Компьютер адамға кеңесші болу қажет, жағдайды тез талдап, іс-әрекет нұсқаларын ұсынуы керек. Ал адам келтірілген нұсқалардан керегін таңдайды. Адам мен машинаның бірлескен қызметі өте өзекті.

Өткен ғасырдың соңғы он жылдығында интеллектуалды жүйелер дамуының келесі маңызды бағдарлары анық көрінді:

1. Ғылыми тұрғыдан бірнеше үдерістерге еліктейтін жүйелер. Музыкалық шығармаларды жасау, ойын есептерін (шахмат, дойбы, домино) шешу, автоматтандырылған аударма, теоремаларды дәлелдеу, бейнелерді айырып тану, ойлауды еліктеу және т.с.с.

2. Білімге негізделген (сараптау жүйесі) ақпараттық жүйелер, яғни жабдықтарды күйге келтіру, тәжірибелі емес пайдаланушыларға кеңес беру, оқыту және т.б.

3. Интеллектуалды ақпараттық жүйелер – заттық салада есептерді шешуге арналған



математикалық және алгоритмдық модельдерге негізделген үлкен және өте үлкен бағдарламалар. Олардың мүмкіндігі: басқаруды оңайлату және адамның жұмыс көлемін азайту үшін пайдаланушымен мағыналы сұқбат жүргізу.

4. Роботтық техника. «Интеллектуал-дығы» жағынан бірнеше робот буындарын ажыратады. Бірінші буын – алдын ала бекітілген және өзгермейтін бағдарлама бойынша істейтін робот-манипуляторлар (мысалы, станокка дайындамаларды әперетін). Екінші буын – бейімделген роботтар. Осындай роботтар әртүрлі датчиктермен (бұрыш өлшеуіштер, тензометрлер, газ талдаушылар және т.б.) жабдықталған. Роботтардың алғашқы екі түрі – өнеркәсіптік роботтар, олар арнайы ортада (зауыт цехында) жұмыс істеуге арналған. Ұқсас проблемалар іздестіру роботтары да пайда болады, бұл ерекше бағдарламалар ғаламторда құжаттарды индексациялауға арналған. Адаммен мағыналы өзара сұқбат жүргізу арқылы оның интеллектуалды

қызметін күшейтетін жүйені «интеллектуалды» деп атайды. 80-жылдардың соңында әмбебап жасанды ақыл-ойды жасауға болмай-тыны және оның қажетсіздігі айқын болды. Адамды алмастыратын емес, оның қызметін толықтыратын тар көлемді интеллектуалды жүйелерді жасау керек-ті. Адамның бірегей қабілеттерінен басқа бірнеше кемшіліктері де бар. Компьютерде энциклопедиялық жады бар, бір секундта миллиондаған операцияларды жасай алады, бірақ компьютер ой жүгірте алмайды және өзінің қылықтарына жауап бере алмайды. Этикалық мәселелер, ЖИ-ді дамытудағы маңызды аспектілердің бірі — оның этикалық мәселелері. Мысалы, ЖИ негізінде шешімдер қабылдау кезінде адамның жеке құқығы мен құпиялығына қатысты сұрақтар туындайды.

Қазіргі заманның ең қарқынды дамып жатқан технологиялардың бірі – ЖИ-дің пайдасы да, қауіпті жақтары да бар. Көптеген салаларда тиімділікті арттырып, қол еңбегін азайтуға мүмкіндік берген ЖИ адамзат үшін болашағы зор технология болып табылады. Бірақ оның қаншалықты қауіпсіз екенін де түсіну қажет. ЖИ күнделікті өмірде де, өндірісте де көптеген артықшылықтар ұсынады. Мысалы, медицина саласында ол ауруларды ерте кезеңде анықтауға көмектесіп, диагноз қою дәлдігін арттырады. Экономика мен қаржы саласында үлкен деректерді талдау арқылы нарықтық үрдістерді болжауға, тәуекелдерді азайтуға көмектеседі. Сондай-ақ өнеркәсіпте роботтар өндірісті автоматтандырып, өнімділікті арттырып қана қоймай, адамдар үшін қауіпті жұмыстарды да орындай алады.

Білім беру жүйесінде ЖИ жеке оқыту әдістемесін жасауға ықпал етеді. Ол әрбір білім алушының қажеттіліктерін ескеріп, білім беру үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Осы артықшылықтар ЖИ-дің адамзатқа үлкен пайда әкелетінін көрсетеді. Мысалы, білім алушылар, қолданушылар жасанды интеллектімен тез және әдемі етіп слайд жасағанда:

1. Tome-презентация құрылымын құруды ұсынады және слайдты генерациялайды;

2. MagicSlides(GRT for Slides)- Google-мен презентация жасауға көмектеседі;

3. Gamma – қызықты орналасатын слайдтар жасайды;

4. Prezo – мәтін мен әдемі иллюстрациялар жасайды;

5. Slidebean – презентацияның дизайнына көмектеседі;

6. Wepik – ешқандай нақтылаусыз қарапайым презентациялар жасайды.

Қазіргі таңда ЖИ адамның сезімдерін, эмоцияларын тану мүмкіндігіне ие, бірақ ол мәліметтерді жинау кезінде адамның жеке өміріне қол сұғу қаупін тудырады. Сонымен қатар белгілі бір адамдар тобына немесе этникалық топтарға қатысты кемсітушілікті көрсетуі мүмкін. Айталық, алгоритмдерде кейбір топтардың ерекшеліктері дұрыс есепке алынбаса, нәтижесінде оларды кемсітетін шешімдер қабылдануы ықтимал. Мұндай жағдайлар ЖИ-ді қолдану әдістерін қайта қарау қажеттігін көрсетеді.

Қорытындылап айтсақ, ЖИ-дің әлеуетін қарастыра отырып, оны толықтай дос немесе жау деп айту қиын. Ол – көптеген артықшылықтарымен бірге қауіп-қатерлерді де ала келетін күрделі технология. ЖИ-ді пайдалану барысында оның артықшылықтарын сақтап, тәуекелдерін азайту үшін жауапкершілік пен этикалық нормаларға баса назар аудару қажет. Жасанды интеллекттің дамуы қоғамның одан әрі дамуына зор ықпал етеді, ал оның болашағы – адамның қалай қолдануымен тікелей байланысты. Ал ЖИ-ді тиімді әрі қауіпсіз қолдану үшін мемлекеттер, кәсіпорындар мен ғалымдар ынтымақтасып, арнайы стандарттар мен ережелерді қабылдауы қажет. Жасанды интеллекттің адамзат үшін дос болуы – тек біздің саналы әрі жауапты әрекетімізге байланысты.

Ақмарал КАСЫМОВА

Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институты профессорының міндетін атқарушы, п.ғ.к.

Перспективы применения современных цифровых технологий в природопользовании

Сегодняшний мир стремительно меняется под влиянием цифровых технологий, которые проникают в каждый аспект нашей жизни — от экономики и науки до повседневных дел. Природопользование, пожалуй, одна из самых интересных и перспективных сфер, где цифровизация оказывает серьёзное влияние. Новейшие технологии позволяют не только лучше охранять природные ресурсы, но и делать управление ими более точным, безопасным и прозрачным. Давайте посмотрим, как именно цифровые технологии меняют подходы к природопользованию.

Одним из важнейших инструментов, меняющих управление природными ресурсами, стали геоинформационные системы (ГИС). Эти системы позволяют анализировать, визуализировать и управлять данными, связанными с природными ресурсами, и открывают множество новых возможностей для лесного и сельского хозяйства, а также экологии. ГИС позволяют отслеживать изменения ландшафта, оценивать воздействие хозяйственной деятельности на природу и планировать меры по защите окружающей среды.

Так, в рамках исследований профессорско-преподавательского состава программы “Лесные ресурсы и лесоводство” одним из направлений является природоохранное планирование с применением ГИС. Например, работа Сатаева А. Ж. посвящена созданию геоинформационной системы для памятника природы «Буркинский лес». Эта система помогает выявлять угрозы биологическому разнообразию, разрабатывать стратегии для сохранения экосистем и управлять территориями более эффективно. Применение ГИС здесь делает природоохранную деятельность более системной и позволяет вести долгосрочный мониторинг состояния лесов, что особенно актуально в условиях экологических вызовов.

Сегодня дроны становятся неотъемлемым инструментом в природоохранной деятельности. Они способны охватить труднодоступные места и вести наблюдение за лесами, полями, реками. С их помощью специалисты получают точные данные о влажности

почвы, температуре растений, состоянии их фотосинтеза, а также наличии заболеваний. Использование дронов снижает затраты на мониторинг обширных территорий и позволяет своевременно реагировать на изменения в экологических условиях.

Благодаря интеграции дронов с ГИС создаются трехмерные модели местности, которые помогают планировать более устойчивое и экологически грамотное использование ресурсов. Это особенно ценно в исследованиях коллеги М. М. Елекешева, которая изучает рост и продуктивность пойменных лесов реки Урал. Цифровые технологии позволяют Елекешевой анализировать структуру лесов и предсказывать, как они будут меняться под воздействием климата и хозяйственной деятельности.

Искусственный интеллект (ИИ) — еще один мощный инструмент для работы с природными ресурсами. С его помощью можно создавать модели, которые предсказывают изменения климата, оценивают влияние человека на природу и предлагают решения для её защиты. Алгоритмы ИИ помогают находить скрытые закономерности в данных, анализировать большие объемы информации и делать выводы с высокой точностью. Например, ИИ используется для прогнозирования путей миграции животных или для анализа роста растений, что важно для сохранения биоразнообразия и экосистем.

Коллеги-преподаватели также применяют цифровой анализ данных для экологического



моделирования. Например, М. М. Елекешева активно использует цифровые модели роста насаждений, что помогает прогнозировать изменения и оценивать экологическую роль лесных массивов. Эти исследования дают ценные данные для разработки планов устойчивого развития лесных хозяйств.

Блокчейн-технологии также находят применение в природопользовании, обеспечивая прозрачность и безопасность данных. С помощью блокчейна можно отслеживать путь древесины от леса до конечного потребителя, что помогает бороться с незаконной вырубкой и содействует устойчивому управлению лесными ресурсами. Блокчейн может использоваться для управления водными ресурсами, отслеживания и распределения углеродных квот. Прозрачность данных повышает доверие между лесничими, фермерами и государственными организациями.

Интернет вещей (IoT) позволяет создавать целые системы «умных» датчиков, установ-

ленных в лесах, на полях, в водоемах. Эти датчики фиксируют ключевые параметры окружающей среды: влажность, температуру, уровень CO₂ и многие другие показатели. Это позволяет постоянно отслеживать изменения в состоянии экосистем и своевременно реагировать на угрозы.

IoT также помогает отслеживать объемы вырубки лесов, уровень загрязнения рек, контролировать запасы воды в засушливых районах. Благодаря таким системам экологи получают точные данные в реальном времени, что улучшает качество управления природными ресурсами и помогает прогнозировать долгосрочные изменения.

Еще одна перспективная область применения цифровых технологий в природопользовании — это виртуальная и дополненная реальность (VR и AR). Эти технологии дают возможность будущим специалистам и исследователям «погружаться» в моделируемые экосистемы и наглядно изучать их. VR и AR позволяют детально анализировать влияние различных факторов на природу, разрабатывать и тестировать стратегии природоохранного управления, избегая ошибок при работе в реальных условиях.

Современные цифровые технологии, такие как ГИС, дроны, ИИ, IoT и блокчейн, стали неотъемлемой частью природопользования. Они делают работу специалистов более эффективной и помогают взаимодействовать с природой так, чтобы сохранить её для будущих поколений. Исследования в нашем университете подтверждают, что будущее природопользования невозможно без цифровых технологий, которые помогают управлять, охранять и восстанавливать природные ресурсы.

Асет САТАЕВ

старший преподаватель института «Ветеринарии и агротехнологий»



Без воспитания нет образования

Образовательная среда вуза, как объединяющее начало развития будущего специалиста выступает как условие для позитивного личностного роста ее участников, а ее моделирование исходит из следующих принципов: принципы защиты личности – через развитие и реализацию индивидуальности; опора на развивающее образование, главная цель которого развитие физической, эмоциональной, интеллектуальной, духовной сфер сознания будущего специалиста.

Многие общественные деятели, писатели и педагоги считали, что воспитание не только оказывает решающее влияние на формирование положительных качеств личности, но и является главной задачей в вузе.

Вопросы о решающей роли воспитания в развитии и формировании личности осозновались и ставились в педагогике с давних времен. Они связывались главным образом с тем, что только воспитание обеспечивает формирование у личности добродетельного характера и доброжелательных отношений к людям. Вот что писал об этом Я.А.Каменский. В своем трактате «Наставление нравов» он приводил изречение древнеримского философа Сенеки: «научись сперва добрым нравам, а затем мудрости, ибо без первой трудно научиться последней». Великий мыслитель Абай Кунанбаев об образовании и воспитании писал следующее: «Известно, что наукой овладевает тот, кто испытывает жажду познания. Но одного стремления тут мало. Даже сам процесс приобретения знаний должен быть подчинен определенной системе. В противном случае поиски и весь огромный труд человека, затраченный на овладение наукой, могут оказаться напрасными. Сначала ты должен точно уяснить, для чего тебе необходима наука. Не для обогащения или приобретения дорогих вещей, не ради дела, которое принесет тебе выгоду или положение в обществе, стремись к науке. Если ты страстно увлечен ею, то богатством для тебя явится



каждое твое открытие, устранение самого незначительного пробела в твоих знаниях. Что может быть ценнее такого приобретения? И бывает ли на свете наслаждение выше того, которое ты испытал при этом? У тебя родилась любовь к науке, а она, как и всякая любовь, ненасытна, - значит, ты идешь на новый труд и поиски. Эта любовь, иными словами – жажда познания, помогает тебе запомнить увиденное и услышанное, усвоить их и закрепить в своей памяти в ясных, образных художественных формах...

Для того, чтобы сохранить свои познания и разум, нужно иметь характер. Тут уместно сравнить его с сосудом, хранящим бесценную влагу. Действительно, зачем овладевать знаниями, если их негде хранить? Значит, нужно быть стойким, нужно всегда сохранять твердость духа.

Крепкий характер немислим без воли, помогающей человеку добиваться того, к чему он стремится, и не позволяющей ему даже минутной слабости. Итак, твердость духа и воля – основа настоящего характера. Пусть же они служат разуму и чести человеческой».

Воспитание патриотизма мы осуществляем на занятиях русского языка с помощью бесед на научные и другие темы; экскурсии; сочинения с элементами рассуждения; пересказов; конспектирование

газетных статей и т.д.

Перечисленные виды работ воспитывают также серьезное, вдумчивое отношение к выбору слов, учат парвильному построению предложений, расширяют словарный запас студентов, воспитывают их в духе любви к своей Родине.

Формирование воспитания студентов – важнейшая задача университета. В процессе воспитания личности исключительно важное значение имеет формирование ее нравственности. Дело в том, что люди, будучи членами социальной системы и находясь во множестве общественных и личных связей между собой, должны быть определенным образом организованы и в той или иной мере согласовывать свою деятельность с другими членами сообщества, подчиняться определенным нормам, правилам и требованиям. Вот почему в каждом обществе вырабатывается множество разнообразных средств, функцией которых является регуляция поведения человека во всех сферах его жизни и деятельности – в труде и в быту, в семье и в отношениях с другими людьми, в политике и науке.

Воспитание в вузе выполняет важную роль в деле подготовки высококвалифицированного специалиста. Рассматривая воспитание в вузе, мы отметили, что оно должно быть направлено на формирование у личности нравственных отноше-

ний к родине, труду, общественному достоянию, охране природы, к людям и самой себе. Например, изучая темы «Малая родина», «Окружающая природа. Экология города», «Культурное воспитание современной молодежи» и т.д., мы ставим целью научить правильному и свободному изложению своих мыслей; воспитать гуманное отношение к природе, ее красоте, привить нравственные качества; способствовать развитию самостоятельного мышления, умению отстаивать свои взгляды на предмет обсуждения; воспитать высокому патриотизму, уважительное отношение ко всем народам, проживающим на территории Казахстана; пробудить чувство сознательности и обязанности, выявить интерес к политической, экономической и культурной жизни страны.

Исходя из содержания, необходимо включать студентов в следующие виды деятельности: общественную, патриотическую, учебную, трудовую, в деятельность по сбережению материальных ценностей и охране природы, общения с другими людьми и др.

В процессе активного участия в разнообразной деятельности у студентов развивается понимание формирования чувства совести и ответственности, выработка навыка поведения и укрепления воли. Без хорошо организованной практической деятельности нельзя формировать выше перечисленные навыки воспитания.

Таким образом, для того чтобы уже через 10 лет представлять новый Казахстан в новом мире, мы должны своевременно и адекватно ответить на вызовы нового времени, основной целью образования становится не просто совокупность знаний, умений и навыков, а основанная на них личная, социальная и профессиональная компетентность – умение самостоятельно добывать, анализировать и эффективно использовать информацию, умение рационально жить и работать в быстро изменяющемся мире.

Айзада ИСАЛИЕВА,
старший преподаватель, магистр педагогических наук

Тәжірибеге бағытталған сабақ

Ветеринария және агротехнология институтында доцент міндетін атқарушы, PhD докторы Ләйлә Қалиеваның жетекшілігімен «Ауылшаруашылық энтомология» және «Өсімдіктерді қорғау» пәндері бойынша тәжірибеге бағытталған сабақ өтті.

«Өсімдік қорғау және карантин», «Агрономия» білім беру мағдарламаларының 4-курс студенттері (ЗКР-41, АН-41) ҚР АШМ МИК Агрооңкеркәсіптік кешенінің «Фитосанитария» РМК Батыс Қазақстан облыстық филиалында болып, БҚО ауыл шаруашылығы дақылдары зиянды ағзаларының зияндылығы мен таралуы және олармен күресу шаралары туралы толық ақпарат алды. Сонымен қатар білім алушылар күресу әдістерінде қолданатын бүркіштерді көріп, танысып, оларды жұмыста қалай қолданатынын осы мекеме директоры Бағдат Жуминен естіді. Тәжірибеге бағытталған сабақта болашақ мамандар өздерін қызықтырып жүрген сұрақтарын ашық қойып, өз мамандықтарына қызығушылық танытты.



Жастарымыз адаспасын деп...

Жәңгір хан университетінде оқытушылардың және БҚО Дін істер басқармасына қарасты «Ақиқат» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен кездесу өтті.

Бұл шараның мақсаты – жастарды дәстүрлі діни құндылықтарды дәріптеуге, теріс діни ағым идеологиясынан аулақ болуға шақыру, қазақ халқының рухани құндылықтарын насихаттау. Іс-шарада алдымен университеттің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Ақылбек Сұлтанов сөз алып, келген қонақтарды таныстырды.

Облыстық дін істері басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының бөлім басшысы Бағдат Адайхан «Дін және жастар» тақырыбында баяндаса, өлкетанушы, Асан мешітінің бас имамы Мұратбек Жахатов пен «Ақиқат» қоғамдық бірлестігінің теолог маманы Армат Қуан қоғамдағы дін



мәселесіне байланысты өз ойларын ортаға салды. Кездесуде мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар болғандықтан, елдің болашағы олардың білімі мен ойлау санасына, ұмтылысы мен ынтасына байланысты екендігі айтылды. Сонымен қатар қазіргі жастар арасындағы негізгі проблема – ғаламтор мен әлеуметтік желілер. Әлеуметтік желілер мен ғаламтор беттеріндегі тыйым

салынған уағызшылардың уағыздары, экстремистік сипаттағы топтардың адамды қызықтыратын түрлі материалдармен бөлісуі, жастардың ақпараттарды дұрыс сүзгіден өткізе алмауы адасуға әкеліп соқтыратындығы ескертілді.

Аталған шараға 160-қа тарта білім алушы қатысты.

Максот ДЖАНГУЖИЕВ
PhD докторы, аға оқытушы

Жатақханадағы жайлы өмір

Қараша айында «Халықаралық студенттер күні» деп аталатын білім алушы жастар асыға күтетін мереке бар. Ал студенттік өмірдің жарқын, қызыққа толы күндері жатақханаларда өтетіні белгілі. Осы ретте біз студенттердің төл мерекесінде Жәңгір хан университетінің «Студенттер үйі» деген заманауи атауға ие жылы қоныстарына бас сұқтық.

«Бір уақытта құжат тапсырып, бір бөлмеге ие болдық»

Алдымен №2 жатақханадағы 407-бөлмеге барып, Томирис және Ақерке есімді қыздармен таныстық. Қызылорда облысының Қазалы қаласынан Ақ Жайыққа білім қуып келген Томирис Оразбаева Индустриалды-технологиялық институтына «кадастр» білім беру бағдарламасына биыл оқуға түсіпті. Ал оның группалас құрбысы Ақерке Жаңабек Ақмола облысына қарасты Макинск қаласынан келген. Қыркүйек айында бірден жатақханаға орналасқан қыздар бұл жер өздеріне жайлы екенін айтты. Осы университетті өздері тандаған арулар жалпы Орал шаһарының табиғаты мен адамдары да жақсы әсер туғызғанын жасырмады. – Біз құжат тапсыруға бір уақытта келдік, сол себепті екеуімізге бір бөлме бұйырды. Жатақханада студент-



олар қоғамдық іс-шараларға қатысып та үлгеруде. Қазан айының ортасында өздері тұратын жатақхананың атынан «Білімділер додасы» сайысына қатысып, финалдық кезеңге өткен.

– Біз мектепте оқып жүргенде үш-төрт күндік жарыстарға барғанда, интернатқа жататынбыз. Мұндай көпшілік ортада ең бастысы адамдармен араласа білуің керек. Нәтижесінде достарың көбейеді. Қазір үйімізден жырақта жүрміз. Сондықтан қолымыздағы бар қаражатымызды үнемдеп жұмсаймыз. Бос уақытымызды көңілді өткізуге тырысамыз. Бір-бірімізге үнемі көмектесіп жүреміз. Өзім көпбалалы отбасында тәрбиелендім, сол себепті жатақхананың жылдық ақысын бөліп төлеуге мүмкіндік берілді, – дейді А.Жаңабек.

«Жатақхана ақысы көңілден шығады»

Өзін жатақхананың студенттік төрайымы ретінде таныстырған Лаура есімді бойжеткен де «Кадастр» білім беру бағдарламасында екінші курста оқиды екен. Айтуынша, №3 жатақханада жөндеу жұмыстары жүріп жатқандықтан, үш институттың (Индустриалды-технологиялық; Политехникалық; Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіптік білім беру) білім алушылары осы жатақханаға орналастырылған. Бұрын 114 студент болса, қазіргі қоныстанушылардың саны 323-ке жеткен. Оған қоса екі магистрант тұрады.

Білім алушылардың әлеуметтік санаттарына байланысты жатақхананың жылдық ақысын бөліп төлеу жеңілдігі қарастырылған. Жылына төленетін жатақхана құнының өзі басқа жоғары

оқу орындарына қарағанда едәуір арзан екенін де білдік. Жатақхананың әр қабатында екі тұрмыстық бөлме бар. Тоңазытқыш қойылған. Әр бөлмеде екі немесе үш адамнан орналасқан. Бөлмелерде күнделікті тұтынуға қажетті жиһаздар бар.

– Өзім бірінші курстан бері жатақханада тұрамын. Барлығы ұнайды, пәтерге шығу туралы ойланбаппын. Бір бөлмеде екі қыз тұрып жатырмыз. Кіммен бірге тұрғың келсе де, өз еркінде, тандау өзінде, – дейді Лаура Кадір.

Еске сала кетсек, кейін Лаураның орнына бұл жатақхананың студенттік төрайымы болып Фарида Наурызова тағайындалыпты.

«Пәтерден айырмашылығы жоқ»

Келесі бағытымыз – құрылысы соңғы үлгіде жүргізіліп, 2011 жылы бой көтерген жаңа типтегі тоғыз қабатты «Студенттер үйі» болды. Осы №4 жатақханадағы 414-бөлмеге қоныстанған Жанаргүл Кенжеғалимен әңгімелесудің сәті түсті. Бір бөлмеде бірге жататын Толғанай Елеусіз бұл күні қоғамдық іс-шараға қатысуға кетіпті. Ақтөбе қаласының Ембі қаласынан Жәңгір хан университетіне оқуға келген қыздар – бір ауылдан, бір сыныпта оқыған, тіпті туыскандықтары да бар екен. Ал қазір үйлерінен жырақта бір бөлмеде бастары тоғысқан арулар көпқабатты үйлердегі пәтерлерден еш айырмашылығы жоқ осындай уақытша «баспаналарына» риза.

– Өзім «Орман шаруашылығы және орман ресурстары» білім беру тобының бірінші курс студентімін. Бұл жатақханадағы әр бөлмеде студенттерге барынша жағдай жасалған. Кішігірім ас бөлмесі, жуынатын бөлме, әжетхана – барлығымен қамтылған. Төменгі қабаттарда киімдерді жуып-кептіретін арнайы бөлек бөлме қарастырылған. Өзіміздің төртінші қабаттағы студенттердің барлығымен таныспын, кейбіреулерімен жақын араласып, құрбы болып та үлгердім. Сенбі, жексенбі күндері көбінесе бөлмеде боламын. Сабақ оқу, бөлме тазалау деген сияқты жеке шаруаларыммен айналысамын. Жатақханаға орналасқан үш айдың ішінде алған әсерім жақсы. Өзіме ұнайды, белгілі бір тәртіп бар. Жалпы ата-анамнан алысқа бірінші рет кетуім, – деп сабақтағы әңгімесін Кенжегүл. Ақтөбелік аруды да Орал қаласының жақсы табиғаты тамсандырыпты.

Ішкі тәртіп бәріне ортақ

Жатақханаларда тәртіп мәселесіне баса көңіл бөлінеді. Кешкі сағат 22.00-де жатақхананың сыртқы есігі жабылады. Яғни, осы уақыттан кейін сыртқа кіріп-шығуға рұқсат жоқ деген сөз. Ал 23.00-де әр қабатта кешкі тексеріс жүргізіледі. Бұдан кейін дәлізде жүруге, басқа бөлмеге немесе басқа қабатқа баруға болмайды. Студенттік төрайымның рұқсатынсыз бөлме аралап немесе дәлізде жүретіндер бұл әрекеттері үшін түсініктеме жазады. Ал мұндай жағдай жиі (үш реттен артық) қайталанса, сол тұрғын жатақханадан шығарылады.

Жатақхананың ішкі тәртібін қадағалайтын студенттік кеңес құрылады. Дәліздердің тазалығы кіші қызметкерлердің жауапкершілігінде болса, қалған тазалық жұмыстарын тұрғындар өздері кезекшілікпен



атқарады. Әкімгерлердің рұқсатымен сенбі-жексенбі күндері сауық кештері ұйымдастырылады. «Жалпы жатақханадағы ұлдар мен қыздар бір-бірімен тату, ешқандай өрескел тәртіп бұзушылар кездеспейді» дейді сонда тұрып жатқан студент-жастар.

Қай жатақханаға барсақ та, ерекше жылылықты, көңіл қуантарлықтай атмосфераны, жастардың жайлы ортасын сезіндік. Бізбен әңгімелескен студент қыздар да бұл сезімімізге селкеу түсірмеді. Қаншама студенттің бақытты күндерінің куәсі болған жатақхана ғимараттарына көз тастаған әрбір жанның ойына сол жалынды шақтары еріксіз оралары сөзсіз. Біз де сондай әсерде болдық...

Ләззат ҚАЖЫМОВА
Ұлдана НАҒЫМЕТОВА

«Ерекше кездесу болды»

Қараша айында Жәңгір хан университетіне жастарға әлеуметтік желі арқылы кеңінен танылған белгілі дінтанушы, танымал теолог Нұрлан Байжігітұлы келгені белгілі. Тәрбие және адамгершілік құндылықтар туралы тағылымды әңгіме өрбіген кездесуден кейін білім алушылардың кештен алған әсерін сұраған едік.



Нұрсұлтан ТҮЛЕУБАЕВ,
студенттік ректор,
Политехникалық
институттың 4-курс студенті:

– Бұл бір ерекше кездесу болды. Елге танымал тұлға, қоғам белсендісі Нұрлан имам студенттермен жүздесті. Кездесу барысында ол өзінің білімімен, өмірлік тәжірибесімен және жетістікке жету жолындағы құнды кеңестерімен бөлісті. Нұрлан имам жастарға білімнің маңыздылығын атап өтіп, әрқашан алға ұмтылу, мақсатқа жету үшін еңбек ету қажет екенін түсіндірді. Сонымен қатар ол өз жолында кездескен қиындықтарды қалай еңсергенін

әңгімелеп, жастарды өмірдің әрбір кезеңін бағалай білуге шақырды. Білім алушылар теолог маманның әрбір сөзін үлкен қызығушылықпен тыңдап, көптеген маңызды ақпарат алды. Бұл кездесу болашақ мамандардың дамуына үлкен серпін беріп, жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуге деген ынталарын арттырды.

Мекен ҚАРҒАБАЕВ,
Жастар ісі жөніндегі
комитетінің төрағасы, Поли-
техникалық институттың
4-курс студенті:

– Университетімізге келген белгілі теолог Нұрлан Байжігітұлы кездесу барысын-

да студенттерге білім алудың маңызын, асыл дініміздегі білімнің алар орнын түсіндіріп, сонымен қатар ата-ана қадірі, ата-баба дәстүрі туралы сөз қозғады. Дінтанушымен жүздесуден мен өте жақсы әсер алдым. Қазіргі таңда таза діннен теріс бағытты ажырата алмайтын-дар көбейгендіктен, жастардың ой-өрісін, діни көзқарасын қалыптастыру үшін осындай іс-шаралар қажет деп ойлаймын. Кездесу соңында белгілі теолог студенттермен кері байланыс орнатып, көкейтесті сауалдарына жауап берді. Бұл кездесу әр көрерменге пайдалы білім алуға көмектесті деп ойлаймын.

Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа
орталығының
директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде
беттеуші
және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 583
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru